

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің
2009 ж. «02» сз.
ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
ҚАЙТА ТІРГЕЗІЛДІ
№ 11382-1840-00 жүздік
Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. «02» сз.
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ПЕРВООТРАЖАЮЩИЙ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
№ 02.04 2009 г.
САНДИҚАТЫНДЫ № 11382-1840-00
АДЫ ҚАЙТА ТІРГЕЗІЛДІ № 11382-1840-00

Акционер шешімімен
2009 жылы «09» наурыз айында
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
Решением Акционера
«09» марта 2009 года

2
Қазақстан Республикасы
Әділет Министірілігі Алматы қаласы
Әділет Департаменті
ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2009 ж. «02» сз. жүргізілді.
БСН 990 600 00113
Алғашқы тіркелген күні
2009 ж. «02» сз. жүргізілді.

«Zhansaya-Producing»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«Zhansaya-Producing»

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет ететін, әрі қарай «Қоғам» деп аталатын **«Zhansaya-Producing» акционерлік қоғамы** қызметінің негізі болып табылады.

Атауы өзгергеннен кейін «Zhansaya-Producing» Акционерлік Қоғамы (одан әрі «Қоғам» деп аталады), тіркеу нөмірі 11382-1910-АҚ (алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 21.06.1994ж.), тіркеуді қайтадан жасайды.

1.2. Қоғамның атауы:

⇒ мемлекеттік тілде - толық – **«Zhansaya-Producing» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**, қысқаша – **«Zhansaya-Producing» АҚ**;

⇒ орыс тілінде - толық - **АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «Zhansaya-Producing»**, қысқаша - **АО «Zhansaya-Producing»**;

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: **Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бекхожин көшесі, 15.**

1.4. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады. Заңды тұлғаның құқықтарын және міндеттерін Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап иеленеді. Қоғам мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы берілген мөрге, дербес балансқа, банктерде есептік және басқа шоттарға ие. Қоғам өзінің тауарлық белгісіне және нышанына ие бола алады, олардың нұсқаларын Акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді және белгіленген тәртіпте тіркейді.

2.2. Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Қоғам Жарғысымен реттеледі.

2.3. Қоғам өз атынан кез келген мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар иелікке алуға, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер және үшінші тұлға болуға құқығы бар.

2.4. Қоғам өз қызметінің мақсаттарына сәйкес өз мүлкіне иелік етуді, пайдалануды және өкім етуді жүзеге асырады. Қоғам оқшауланған мүлікке иелік етеді, дербес балансқа ие және толық дербестік, өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі актау, соның ішінде валюталық, негізде әрекет етеді.

2.5. Қоғам өзінің қызметіне қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді атқару құқығын қосқанда, сыртқы экономикалық операцияларды дербес жүзеге асыруға құқылы.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарына хабарлаумен Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде өзінің филиалдарын және өкілдіктерін, сонымен қатар басқа тұлғалармен шаруашылық серіктестіктерін және еншілес шаруашылық серіктестіктер құруға құқылы.

2.7. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті орын-жайды, жерді, сонымен қатар әртүрлі жылжымалы және жылжымайтын мүліктерді салуға, иелікке алуға, жалға алуға және жалға беруге құқығы бар.

2.8. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің аясында жауапкершілік көтереді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның залалдары үшін жауапкершілік көтереді. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.9. Қоғамның қызметі туралы барлық ақпарат Қоғам акционерлеріне Қоғамның баспа органы – «Казахстанская правда» немесе «Юридическая Газета» арқылы немесе Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жеке хабарламаларды жіберу жолымен жеткізіледі.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты жарғылық қызметті жүргізу арқылы табыс алу болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- спиртті және алкогольді өнімдерін өндіру, сақтау және сату;
- Заңмен тыйым салынбаған, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, осы Жарғымен қарастырылған басқа да қызметтің түрлерін жүзеге асыру.

3.3. Айналысуға лицензия алу қажет қызмет саласында Қоғамның құқықтық қабілеті осындай лицензияны алған сәттен туындайды және оны қайтарып алған, жарамдылық мерзімі аяқталған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жарамсыз деп таныған сәтте тоқтатылады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

4.1. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетілген орналастыру бағасы бойынша инвесторлардың акцияларды төлеуі арқылы қалыптастырылады.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4.3. Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылық берілген акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

4.4. Акция бөлінбейді.

4.5. Жай акция акционерге дауыс беруге ұсынылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық, Қоғамда таза табыс болуында дивидендтер, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны

- тарату кезінде қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.
- 4.6. Артықшылық берілген акциялардың меншік иелері - акционерлер жай акциялардың меншік иелері-акционерлердің алдында Қоғамның Жарғысымен белгіленген алдын - ала кеніяденген мөлшерде дивидендтерді алуға және Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамды тарату кезінде мүлкінің бір бөлігіне артықшылықты құқыққа ие.
- 4.7. Қоғамның артықшылық берілген акцияларының мөлшері оның жарияланған акцияларының жалпы мөлшерінен жиырма бес пайыздан аспауы тиіс.
- 4.8. Артықшылық берілген акция осы баптың 4.9. тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.
- 4.9. Артықшылық берілген акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:
- 4.9.1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылық берілген акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектейтін шешім шығарылуы мүмкін мәселені қарастыратын болса. Осындай мәселе бойынша шешім шектеуге орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылық берілген акциялардың жалпы мөлшерінің кем дегенде үштен екісі дауыс беруі шартында ғана қабылданған болып саналады;
- 4.9.2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарастырады;
- 4.9.3. артықшылық берілген акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай аралығында толық көлемде төленбесе.
- 4.10. Акционерлердің жалпы жиналысымен жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтерді алуға қатыспайтын бір «алтын акция» енгізілуі мүмкін. «Алтын акция» иегері Қоғам Жарғысымен анықталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және атқарушы органның шешіміне veto қою құқығына иелік етеді. «Алтын акциямен» куәландырылған veto қою құқығы табыстауға жатқызылмайды.

5-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғам акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Қоғам Жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан немесе Қоғам тіркеушісінен үзінділер алу;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам директорларының кеңесіне сайлауға үміткерлерді ұсыну;
- 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен хабарласу және Қоғамға сұрау түскен күннен отыз күн аралығында дәлелді жауаптар алу;
- 8) Қоғамды тарату кезінде мүлкінің бір бөлігіне;
- 9) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген тәртіпте акцияларды немесе оның акцияларына айырбасталатын қоғамның басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу.

5.2. Ірі акционер сонымен қатар құқылы:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа шағымдану;
- 2) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді директорлар кеңесіне ұсыну;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- 4) өз есебінен Қоғам аудитын аудиторлық ұйыммен жүргізуін талап ету.

5.3. Қоғам акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғам акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы аталмыш акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына және Қоғам тіркеушісіне он күн аралығында хабарлау;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты дабыраламау;
- 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және басқа заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқару.

5.4. Қоғам және Қоғам тіркеушісі осы баптың 5.3. тармағының, 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды акционердің атқармауы салдары үшін жауапкершілік көтермейді.

5.5. Бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес Қоғам, жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды орналастыру, сонымен қатар бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды сату ниеті бар Қоғам бұл туралы шешім қабылдаған күннен он күн аралығында өзінің акционерлеріне бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе жазбаша хабарлау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Қоғам органымен белгіленген орналастыру (сату) бағасы бойынша олардағы акциялардың санына пропорционалды түрде тең шарттарда бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер Қоғам акцияларды орналастыру (сату) туралы хабарлаған күннен бастап отыз күн аралығында артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды не

Қоғам акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды иелікке алуға өтінім беруге құқылы. Бұл жағдайда Қоғамның жай акцияларына иелік ететін акционер жай акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығына ие, ал Қоғамның артықшылық берілген акцияларына иелік ететін акционер Қоғамның артықшылық берілген акцияларын артықшылықпен сатып алу құқығына ие.

- 5.6. Бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға қоғам акционерлерінің құқықтарын жүзеге асыру тәртібі сату ережелерімен реттеледі. бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға акционерлік Қоғам акционерлерінің құқықтары өкілетті органмен белгіленеді.

6 – БАП. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ

- 6.1. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымын мемлекеттік тіркесуден кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы орналастыруға құқылы.
- 6.2. Жарияланған акцияларының мөлшері шегінде Қоғам акцияларын орналастыру туралы шешім Қоғам Жарғысымен аталмыш мәселе акционерлердің жалпы жиналысының күзіретіне жатқызылған жағдайда қоспағанда, Қоғамның директорлар кеңесімен қабылданады.
- 6.3. Акцияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жүргізілетін аукцион немесе жазылулар, не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүргізілетін аукцион немесе жазылулар арқылы жүзеге асырылады.
- 6.4. Артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды иелікке алуға өтінімді беру үшін берілетін отыз күн аралығында акционер акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды меншігінен шығарғанда аталған құқық акциялардың немесе басқа бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне егер бұрынғы меншік иесі осындай өтінімді бермесе, өтеді.
- 6.5. Жазылу арқылы Қоғаммен орналастырылатын акциялар артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды иелікке алатын акционерлерді қоспағанда аталмыш орналастыру шегінде акцияларды иелікке алатын барлық тұлғалар үшін бір бағада сатылуға жатады.
- 6.6. Акционерлер орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғам органымен белгіленген орналастырудың бірыңғай бағасы бойынша артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды иелікке алады.
- 6.7. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғам органымен аталмыш орналастыру үшін белгіленген акцияларды орналастыру бағасы аталмыш акциялар сатылуы мүмкін төменгі баға болып табылады.
- 6.8. Жарияланған акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдауға өкілетті Қоғам органы орналастырылатын акциялардың мөлшерін арттыру және (немесе) орналастыру бағасын төмендету туралы шешім қабылдаған жағдайда аталмыш орналастыру акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының артықшылықпен сатып алу туралы ережелерін ескерумен жүргізіледі.
- 6.9. Қазақстан Республикасының күшіндегі заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.
- 6.10. Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.
- 6.11. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім біткенге дейін Қоғам акционерлері жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.
- 6.12. Қоғамға өзінің жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы рыногында орналастырған кезде оларды өзі сатып алуына жол берілмейді.

7-БАП. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

- 7.1. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен акционерлердің жалпы жиналысында қабыдануы шартында Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе ақшалай төленеді.
- 7.2. Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтерді төлеуге жол берілмейді.
- 7.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге осындай төлем тек акционердің жазбаша келісімі болғанда қоғамның жарияланған акцияларымен және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылуы шартында ғана жол беріледі.
- 7.4. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлей бастау күнінің алдында келетін күнге құрылуы тиіс.
- 7.5. Төленбеген дивидендтермен акцияларды меншіктен шығару егер акцияларды меншіктен шығару туралы шартпен басқаша қарастырылмаса, акциялардың жаңа меншік иесімен оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.
- 7.6. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі Қоғам Жарғысымен және (немесе) акцияларды шығару проспектісімен анықталады.
- 7.7. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметтерін төлеу Қоғам есебінен жүргізіледі.
- 7.8. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сонымен қатар егер сот немесе Қоғам

- акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылданса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 7.9. Келесі жағдайларда Қоғамның жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:
- Қоғамның меншікті капиталының аз көлемінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу кезінде азаятын болса;
 - егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болатын болса;
- 7.10. Акционер Қоғам берешегінің түзілу мерзіміне тәуелсіз алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.
- 7.11. Егер төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, акционерге ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін атқару күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінен шығарып есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы және өсім төленеді.
- 7.12. Токсан немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады. Токсан немесе жарты жылдық қорытындылар бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы жалпы жиналыс шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.
- 7.13. Жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.
- 7.14. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен он жұмыс күні аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялаумен Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемсу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 7.15. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні аралығында бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.
- 7.16. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім келесі мәліметтерден тұрады:
- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
 - 2) дивидендтер төленетін кезең;
 - 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
 - 4) дивидендтерді төлей бастау күні;
 - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны.
- 7.17. Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеу осы Жарғының 7.9. тармағымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғам органының шешімін талап етпейді.
- 7.18. Дивидендтерді төлеу мерзімділігі және артықшылық берілген бір акцияға дивиденд мөлшері Қоғам Жарғысымен белгіленеді. Артықшылық берілген акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезеңге жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен аз бола алмайды.
- 7.19. Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жүргізілмейді.
- 7.20. Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтің кепілді мөлшері оның мағыналарының жалпыға қолжетімділігі және тұрақтылығы шартында қандай да бір көрсеткішке қатысты индексацияланған, сондай-ақ бекітілген көріністе орнатылуы мүмкін.
- 7.21. Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталардың алдында бес жұмыс күні аралығында Қоғам осы Жарғының 7.16. тармағы, 1), 2), 4), 5) тармақшаларында аталған мәліметтерді көрсетумен дивидендтерді төлеу, сонымен қатар Қоғамның артықшылық берілген бір акциясына есептегенде дивидендтің мөлшері туралы мәліметтерді көрсетумен дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРҒАНДАРЫ

- 8.1. Қоғамның органдары:
- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
 - 2) басқару органы – Қоғам директорларының кеңесі;
 - 3) атқарушы орган - Президент;
- 8.2. Қоғам сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа органдар құра алады.

9-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 9.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 9.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
 - 2) аяқталған қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері анықталады;
 - 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне шағымдалуы және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.
- 9.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақы беру көлемі және құрамы туралы Қоғам акционерлеріне хабарлайды.

- 9.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 9.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай аралығында өткізіледі. Есептік кезең ішінде Қоғам аудитын аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 9.6. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатқызылады:
- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар егер аталған кодексті қабылдау Қоғам Жарғысымен қарастырылған болса, оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының мөлшерін арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі және шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
 - 6) санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұран тоқтату;
 - 7) директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшерін және төлем шарттарын анықтау;
 - 8) Қоғам аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 10) есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) осы Жарғының 7.9. тармағымен қарастырылған жағдайлар туындағанда Қоғамның жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау жолымен басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 14) акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту (егер әдістемені құрылтай жиналыс бекітпесе, оны бекіту);
 - 15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, соның ішінде егер Қоғам Жарғысымен осындай тәртіп анықталмаса бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 17) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
 - 18) акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған басқалай мәселелер.
- 9.7. 9.6.тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан білікті көпшілікпен қабылданады. Басқа мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері егер осы Заңмен және Қоғам Жарғысымен басқалай көрсетілмесе, дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 9.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқалай қарастырылмаса, шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің құзіретіне беруге жол берілмейді.
- 9.9. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез - келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 9.10. **Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі.**
- 9.10.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақырылады.
- 9.10.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасымен шақырылады:
- 1) директорлар кеңесі;
 - 2) ірі акционер.
- 9.10.3. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.
- 9.11. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу жүзеге асырылады:
- 1) атқарушы органмен;
 - 2) жасалған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісімен;
 - 3) директорлар кеңесімен;
 - 4) Қоғамның тарату комиссиясымен.
- 9.12. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қоғам көтереді.
- 9.13. Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін Қоғам органдары бұзған жағдайда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған соттың шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 9.14. Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талаптарын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы

оның талап арызы бойынша қабылданған соттың шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

9.15. Ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері.

9.15.1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап осындай жиналыстың күн тәртібін қамтуы тиіс тиісті жазбаша мәлімдемні Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша жіберу арқылы директорлар кеңесіне ұсынылады.

9.15.2. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он күн аралығында шешім қабылдап, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы мәлімдемні осы талапты ұсынған тұлғаға жіберуге міндетті. Ұсынылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қарауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі.

9.16.1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі Қоғамның акция ұстаушыларының реестрлер жүйесі деректері негізінде Қоғамның тіркеушісімен құрылады. Көрсетілген тізімді құру күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгілене алмайды. Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтер өкілетті органмен анықталды.

9.16.2. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін құрғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беруші акцияларын меншігінен шығарса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл жағдайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

9.17. Жалпы жиналысты өткізу күні, уақыты және орны.

9.17.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні және уақыты жиналысқа оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың барынша үлкен саны қатыса алатындай түрде белгіленуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органының орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс.

9.17.2. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу бастау уақыты және жиналысты өткізу уақыты Қоғамның санақ комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, санын есептеу және оның қворумының болуын анықтау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі тиіс.

9.18. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат.

9.18.1. Акционерлер «алтын акция» иегері алдағы жалпы жиналысты өткізу туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналысты өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарландырылуы тиіс.

9.18.2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға жіберілуі тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, хабарлама акционерге оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

9.18.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама келесілерден тұруы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашылы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, сонымен қатар егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс Қоғам акционерлерінің қайталама жалпы жиналысын өткізу күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін құру күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі.

9.19. Миноритарлы акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғам тіркеушісіне қаралуға құқылы. Миноритарлы акционердің қаралу және Қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпаратты тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлер жүйесін жүргізу бойынша шартпен белгіленеді.

9.20. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы.

9.20.1. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен ерте тағайындала алмайды.

9.20.2. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының орнында өткізілуі тиіс.

9.20.3. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшелбеуі тиіс.

9.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі.

9.21.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен қалыптастырылады және талқылауға ұсынылатын нақты тұжырымдалған сұрақтардың толыққанды тізімінен тұруы тиіс.

9.21.2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін, Қоғам акционерлері осындай толықтырулар туралы жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей немесе осы Жарғының 9.21.5. тармағымен белгіленген тәртіпте хабардар болуы шартты.

9.21.3. Іштей өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын ашқан кезде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстары туралы мәлімдеуге міндетті.

9.21.4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

9.21.5. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және жиынтығында Қоғамның дауыс беруші

акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына иелік етуші акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

- 9.21.6. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдағанда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.
- 9.21.7. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және ол бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
- 9.21.8. Күн тәртібінде «әртүрлі», «басқалай», «басқалары» және оларға ұқсас тұжырымдамадағы кең ұғымды тұжырымдамаларды пайдалануға тиым салынады.
- 9.22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар.**
- 9.22.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар аталған мәселелер бойынша негізді шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.
- 9.22.2. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын үміткерлер туралы келесі ақпараттан тұруы тиіс:
- 1) тегі, аты, сонымен қатар қалауы бойынша әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға аффилирлік тіралуы мәліметтер;
 - 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және алған лауазымдары туралы мәліметтер;
 - 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқалай ақпарат.
- 9.22.3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізген жағдайда материалдарда директорлар кеңесіне мүшелікке ұсынылатын үміткердің қай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директор қызметіне үміткер болып табылатындығы не табылмайтындығы көрсетілуі тиіс.
- 9.22.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қамтуы тиіс:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
 - 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
 - 3) аяқталған қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын болу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылға дивидендтің мөлшері туралы директорлар кеңесінің ұсыныстары;
 - 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашылығының қарауы бойынша басқа да құжаттар.
- 9.22.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өткізу күніне дейін он күн қалғайнан кешіктірмей акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша дайын болуы және қолжетімді болуы тиіс, ал акционер сұрау салғанда – оған сұрау алынған күннен үш жұмыс күні аралығында жіберілуі тиіс; егер Жарғымен басқалай қарастырылмаса, құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу үшін жұмсалатын шығындарды акционер көтереді.
- 9.23. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы.**
- 9.23.1. Егер жиналыс қатысушыларын тіркеудің аяқталу сәтінде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына иелік ететін акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 9.23.2. Өткізілмеген жиналыстың орнына өтетін акционерлердің қайталама жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:
- 1) кворумның жоқтығы себепті өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі қадағаланған болса;
 - 2) қатысу үшін тіркелудің аяқталу сәтінде жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан көп пайызына иелік ететін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса.
- 9.23.3. Сырттай дауыс беру үшін акционерлерге бюллетеньдер жіберілген жағдайда көрсетілген бюллетеньдермен ұсынылған және жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу сәтінде Қоғаммен алынған дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі. Сырттай дауыс беру арқылы жалпы жиналысты өткізу сәтінде кворум болмаған жағдайда акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.
- 9.24. Жалпы акционерлер жиналысының хатшысы.**
- 9.24.1. Қоғамда санақ комиссиясының функциясын акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.
- 9.24.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып Қоғамның ұжымдық органдарының мүшесі, немесе Қоғамның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асырушы тұлға бола алмайды.
- 9.24.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы:
- 1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;
 - 2) акционерлердің жалпы жиналысының қатысушыларын тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;
 - 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетеньдердің санын және күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды санайды;
 - 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумының болуын, соның ішінде жиналысты өткізудің барлық уақытына болуын анықтайды және кворумның болуы немесе жоқтығы туралы хабарлайды;
 - 5) акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру мәселелерін айқындайды;
 - 6) акционерлердің жалпы жиналысымен қарастырылған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындыларын шығарады.

- 7) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды;
- 8) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Қоғам мұрағатына өткізеді.
- 9.24.4. Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
- 9.25. Акционерлердің жалпы жиналысындағы өкілдік.**
- 9.25.1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына жеке немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар.
- 9.25.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.
- 9.25.3. Акционер өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.
- 9.25.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін танытуға құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
- 9.26. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.**
- 9.26.1. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеуі жүргізіледі. Акционер өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.
- 9.26.2. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтай кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 9.26.3. Артықшылық берілген акциялардың меншік иесі болып табылатын Қоғам акционері іштей өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олармен қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- 9.26.4. Қоғамның акционерлері болып табылмайтын, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның атқарушы органының функциясын жүзеге асырмайтын тұлға, басқа да тұлғалар Қоғамның іштей өткізілетін акционерлер жалпы жиналысында қатысуға құқығы жоқ.
- 9.26.5. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болғанда жарияланған уақытта ашылады.
- 9.26.6. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмейтін жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды.
- 9.26.7. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлауды жүргізеді.
- 9.26.8. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру формасын – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) анықтайды.
- 9.26.9. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылардың санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 9.26.10. Атқарушы орган мүшелері жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 9.26.11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.
- 9.26.12. Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге құқығы жоқ, бұған осындай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін немесе аталған мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайлар қосылмайды.
- 9.26.13. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жеке мәселелерді қарастыруды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 9.26.14. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырып және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық болып жариялана алады.
- 9.26.15. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында берілген мәліметтердің толықтығы және сенімділігі үшін жауап береді.
- 9.27. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру.**
- 9.27.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда «бір акция – бір дауыс» ұстанымы бойынша жүзеге асырылады:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу;
 - 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
 - 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.
- 9.27.2. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстар акционермен директорлар кеңесіне мүшелікке үміткер үшін толық берілуі немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткердің арасында бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған болып дауыстардың ең көп санын жинаған үміткерлер танылады.
- 9.27.3. Егер іштей өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілде жүзеге асырылатын болса, осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (әрі қарай осы бапта – іштей құпия дауыс беруге

- арналған бюллетеньдер) дауыс беруі құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша құрылуы тиіс. Бұл жағдайда іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетень камтуы тиіс:
- 1) сұрақтың тұжырымдамасы немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;
 - 2) «үшін», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен берілген мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары немесе Қоғам органына әрбір үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;
 - 3) акционерге тиесілі дауыстардың саны.
- 9.27.4. Іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетень акционермен қол қойылмайды, бұған акционердің өзі соның ішінде осы Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға ұсыну мақсатында бюллетеньге қол қою қалауын білдірген жағдай қосылмайды.
- 9.27.5. Іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша берілген дауыстарды есептеу кезінде дауыс беруші бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі қадғалаған мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі және тек дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленеді.
- 9.28. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы.**
- 9.28.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні аралығында құрылуы және қол қойылуы тиіс.
- 9.28.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:
- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
 - 3) акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
 - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
 - 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
 - 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөз сөйлеуі;
 - 9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
 - 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, ол бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 11) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.
- 9.28.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы қол қоюға жатады:
- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасымен және хатшымен;
 - 2) санақ комиссиясының мүшелерімен;
 - 3) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлермен.
- 9.28.4. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда хаттамаға оған берілген сенімхат негізінде оның өкілі қол қояды.
- 9.28.5. Осы Жарғының 9.28.3. тармағында көрсетілген қандай да бір тұлға хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда аталған тұлға хаттамаға тіркелуге жататын бас тарту себептерін жазбаша түсіндіруді ұсынып, қол қойудан бас тартуға құқылы.
- 9.28.6. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналыста дауыс беру және қатысу құқығына сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қойудан бас тарту себептерін жазбаша түсіндірумен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органмен сақталуы және кез келген уақытта танысу үшін акционерге берілуі тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

10-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 10.1. Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысымен және Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.
- 10.2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатқызылады:
- 1) Қоғам қызметінің басымдылықты бағыттарын анықтау;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын - ала бекіту;
 - 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
 - 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы орган функцияларын жеке-дара жүзеге асырушы тұлға) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) атқарушы орган басшысының және мүшелерінің (атқарушы орган функцияларын жеке-дара жүзеге асырушы тұлға) еңбек ақысын және сыйақысын төлеу шарттарын және лауазымдық айлықақы мөлшерлерін анықтау;

- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне сыйақы және еңбек ақы төлеу мөлшерін және шарттарын анықтау;
 - 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 12) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 14) меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамада Қоғамның міндеттемелерін арттыру;
 - 15) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
 - 16) қызметтік, коммерциялық немесе басқалай заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 17) атқарылуына Қоғам мүдделілік танытатын ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылау;
